

Жастарға арналған әлеуметтік қызмет құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 мамыр 1993 ж. N 340

"Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жастардың рухани дүниесінің, дене бітімінің жан-жақты дамуына, кәсіби даярлығына қажетті экономикалық, әлеуметтік, құқылық жағдай жасап, олардың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызу мақсатында республиканың қалалық және аудандық деңгейінде жастарға арналған әлеуметтік қызметті құру орынды болады деп саналып, Жастарға арналған әлеуметтік қызметтің жұмысы жергілікті бюджет қаржылары, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамдардың ерікті түрде жасайтын аударымдары, сондай-ақ өзінің шаруашылық есептегі қызметінен алатын табысы есебінен қаржыландырылсын.
2. Жастарға арналған әлеуметтік қызмет туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі, Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Мәдениет министрлігі, Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті және олардың жергілікті жерлердегі бөлімшелері қалалық және аудандық деңгейде Жастарға арналған әлеуметтік қызметті құру үшін қажетті шаралар қолданатын болсын.
4. Жергілікті әкімдерге Жастарға арналған әлеуметтік

қызметтің құрылымын анықтау, штат кестесін бекіту, орналастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелеріне Жастарға арналған әлеуметтік қызметтің жұмысын үйлестіру, сондай-ақ осы қаулының орындалуын бақылау жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 3 мамырдағы

№ 340 қаулысымен

Бекітілген

Жастарға арналған Әлеуметтік қызмет туралы

Ереже

1. Осы Ереже "Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Жастарға арналған әлеуметтік қызметтің (бұдан былай - Әлеуметтік қызмет) негізгі міндеттерін, функциясы мен құқықтарын анықтайды.

2. Әлеуметтік қызмет заңды ұйым болып табылады, құқықтармен пайдаланады және өз қызметіне байланысты міндеттерді әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде орындайды.

Әлеуметтік қызметтің дербес балансы және банктерде есепшоттары болады.

3. Өз жұмысында Әлеуметтік қызмет Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, Қазақстан Республика Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Әлеуметтік қызмет қалалық және аудандық әкімшіліктердің жанынан құрылады.

Әлеуметтік қызметтің жұмысына жастар ісі жөніндегі комитеттер, еңбек және жұмыспен қамту органдары, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелері, құқық қорғау органдары қатысады, сондай-ақ кәсіподақ, жастар ұйымдары, қоғамдық және діни бірлестіктер қатыса алады.

5. Әлеуметтік қызметті ұйымдастырудың мақсаты - жастардың

рухани дүниесінің, дене бітімінің дамуына, кәсіби даярлығына қажетті экономикалық, әлеуметтік, құқылық жағдай жасап, олардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, сондай-ақ жастар саясатын орындау саласында туындайтын проблемаларды жедеғабыл шешуге мүмкіндік туғызу.

6. Әлеуметтік қызмет мынадай функцияларды:

кәмелетке толмаған және басқа жас азаматтарға психологиялық-педагогикалық, заңгерлік көмек көрсету мен кеңес беруді;

жас отбасыларына, оқушы жастарға әлеуметтік көмек көрсетуді;

еңбек, оқу ұжымдарында жастарды құқылық қорғауды;
жастардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерінің алдын алуды;
бас бостандығынан айыру орындарынан және арнайы тәрбиелеу мекемелерінен қайтқан жас азаматтарды әлеуметтік қалпына келтіруді (оңалтуды);

жастардың кәсіпкерлік қызметін қолдау мен дамытуды;
жастардың өзін-өзі басқару нысандарын дамытуға, олардың бос уақыттарын мазмұнды ұйымдастыруға көмектесуді жүзеге асырады.

7. Әлеуметтік қызметке:

жастарға арналған ақпарат орталықтары;
жастардың еңбек биржалары;
әлеуметтік-психологиялық көмек пункттері;

үйдегі шиеленіс ахуалынан кетіп қалған немесе белгілі бір тұрақты мекенжайы жоқ жасөспірімдер мен жастарға арналған жатақханалар-жетімханалар;

психологиялық қолдау клубтары және мүгедектерге арналған оңалту орталықтары;
жастардың спорттық, демалыс және мәдениет бірлестіктері;

бас бостандығынан айыру орындарынан қайтқан жас азаматтарды қайта бейімдеу орталықтары кіре алады.

8. Жастарға арналған Әлеуметтік қызметтің өзге бөлімшелері жергілікті қажеттілікке және оның ерекшелігіне қарай құрылуы мүмкін.

9. "Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңның 17, 19-баптарына сәйкес Әлеуметтік қызметтің жұмысы жергілікті әкімшіліктердің тікелей басшылығымен жүзеге асырылады.

10. Әлеуметтік қызмет жұмысына әлеуметтік қызметкерлер ретінде педагогикалық, медициналық, психологиялық, экономикалық, заңгерлік білімі және жастармен жұмыс істеу тәжірибесі бар адамдар жіберіледі.

Аталған қызметкерлер контракт негізінде жұмысқа алынады.

11. Өз жұмысын қамтамасыз ету үшін Жастарға арналған әлеуметтік қызметтің: өндірістік және шаруашылық қызметпен шұғылдануға; меншігінде үй-жайлар, ғимараттар, көлік құралдары, жабдықтар және басқа мүлік болуына;

қайырымдылық концерттерін, конкурстарын, лотереяларын, байқауларын және басқаларын өткізіп, олардан түскен қаржыны жастардың әлеуметтік проблемаларын шешуге жұмсауға;

меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындармен, қоғамдық ұйымдармен және жеке азаматтармен шарттық қатынас орнатуға;

белгіленген тәртіппен өз кәсіпорындарын, мекемелерін және ұйымдарын құруға және оларды қайта ұйымдастыруға;
филиалдар, уақытша шығармашылық және басқа ұжымдар құруға;
мемлекеттік басқару құрылымдарынан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпарат алуға;
төрелік немесе аралық соттарда талапкер немесе жауапкер болуға;
баспа қызметін жүзеге асыруға;
жұмыс істеу, оқу, қайта даярлау және біліктілігін көтеру үшін шет елдерге жіберуге құқығы бар.

12. Жастарға арналған әлеуметтік қызмет;
жас азаматтарға тегін қызмет көрсетуге (ақылы қызмет көрсету нысандары әдетте ұжымдық пайдаланушылармен арнаулы шарттарда көзделеді);
мезгіл-мезгіл жергілікті әкімшілік алдында өзінің шаруашылық, қаржылық және басқа қызметі туралы есеп беріп отыруға;
әлеуметтік қызметтің клиенттері туралы құпия ақпаратты олардың келісімінсіз таратпауға міндетті.

13. Әлеуметтік қызметтің қаржысын қалыптастыру көздері:
жергілікті бюджеттерден бөлінген қаржы;
ерікті жарналар және қайырымдылық қайырмалдықтары;
кәсіпорындардың, ұйымдардың және жеке азаматтардың, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес өткізілген шаралардан түскен қаржы;
өндірістік, шаруашылық және баспа қызметінен түскен кіріс;
Заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер болуы мүмкін.

14. Әлеуметтік қызметті қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.